



● ҰЛЫ ЖЕҢІС — 70

Қасымхан аға — қас батыр



**Сәлім
МЕНДІБАЙ**

Ұлы Отан соғысының ардагері, соғыстан кейін қаруды қаламға айырбастап, осы «Қостанай таңы» газетінде меншікті тілші болып жемісті еңбек еткен қаламгер, бүкіл саналы ғұмырында ұрпақ тәрбиесіне араласқан ұлағатты ұстаз-төлімгер, халқымыздың ғажайып өнері — айтысты, жырау-термешілікті жалық-

пай насихаттаушы өнерпаз Қасымхан Алдабергенов ағамыз.

Соңғы қырық жылдан астам уақыт бойы осынау құрыштан құйылған құдірет — Қасекеңнің қасында жүріп, оның болмыс-бітіміне, білім-білігіне, әні мен күйіне, әзілі мен жырына тәнті болып келемін.

Шіркін-ай, нағыз сегіз қырлы, бір сырлы деп халқымыз аспанға көтеретін елінің ері, халқының ұлы, шаңырақтың шуағы, өнердің өрені, жырдың жампозы дәл осы

менің Қасымхан ағадай-ақ болар.

4-бет

СУРЕТТЕ: Ұлы Отан соғысының ардагері Қасымхан Алдабергеновке Елбасының құттықтауы мен сый-сияпатын облыс әкімі Нұралы Садуақасов тапсырды. Ерекше ықыласқа Қасекеңмен бірге оның жұбайы Шолпан апа мен жиен немерелері Кәмила мен Жалғас та ерекше риза болды.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Қазақстандық кәсіпкерлердің 60% тексерулерден босатылды

**Айбек
КӘДІРҰЛЫ**

Елімізде 2015 жылдың 1 қаңтардан бастап бизнес саласындағы жоспарлы тексерулер тоқтатылды. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң күшіне енді.

Заңды әзірлеуге тікелей қатысқан облыстық кәсіпкерлер Палатасы сарапшыларының айтуынша, барлық кәсіпкерлердің

60% тексерулерден босатылады. Олардың қызметін құзырлы органдар қашықтан мониторингтеу, зертханалық зерттеу тәрізді

өзге нысандардың шегінде бақылайтын болады. Оның қорытындысы бойынша ешқандай әкімшілік құқық бұзушылық іс қозғалмайды. Бірақ, оны жою тәртібі жөнінде міндетті түсіндірулер мен нұсқамалар жасалатын болады.

Жалпы, кәсіпкерлер шартты түрде төрт топқа бөлінеді. Оларға қатысты тексерулердің ерекше тәртібі, жоспардан тыс тексерулер, сондай-ақ тәуекел деңгейін бағалау жүйесі бойынша "іріктемелі" тексерулер әрекет ететін болады. Бұдан шығатын қоры-

тынды не? Егер кәсіпкердің жұмысынан бір кілтипан табылса, онда оны тексеруге тура келеді, ал тексеру жұмысында еш ірікеліс жоқ кәсіпкерлерді бақылаушы органдар мазаламайды", — деп атап өтті Қостанай облысы кәсіпкерлер Палатасы құқықтық қолдау бөлімінің басшысы Ренат Дәулетбаев.

"Ерекше тәртіпте" атом энергетикасы, қару, есірткі құралдарының айналымы саласындағы субъектілер, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік объектілері, сондай-ақ санитарлық-эпидемиология-

лық саламаттылық, атап айтқанда, қоғамдық тамақтану саласындағы нысандар тексеріледі. Іріктемелі тексерулер кәсіпкерлердің есептілігін талдау негізінде, ал жоспардан тыс тексерулер азаматтардың арыздары бойынша не прокуратура және өзге мемлекеттік органдардың тапсырмасы бойынша жүргізіледі.

Бұған тәуелсіз аудит және ішкі, өндірістік бақылауды енгізу, сондай-ақ кәсіпкерлер қызметін сақтандыру сияқты тексерулердің баламалы түрлері де енгізілетін болады.

100
80
60
40
20
100
80
60
40
20
Синий
Красный
Желтый
Черный

● ДІНІҢ – ДІҢГЕГІҢ

Имамдар мешітте бас қосты

Жақында Қостанай облыстық "Марал ишан" мешітінде ҚМДБ-ның Қостанай облысындағы өкіл имамы Асылхан қажы Түсіпбектің төрағалық етуімен жиын болып өтті. Оған аудандар мен қалалардың бас имамдары қатысты.

Өткен жыл өңірдегі мешіт имамдары мен дін қызметкерлері үшін жемісті болды. Облыста шәкірт дайындау, діни мерекелерді тиісті деңгейде ұйымдастыру және басқа да тындырылған жұмыстар аз емес.

Әрине, бұл атқарылған істерді облыстың бас имамы өз сөзінде жан-жақты айтып өтті. Бұл басқосуда үстіміздегі жылы жүзеге асырылатын жұмыс жоспарлары айқындалды.

Мәселен, биыл облыстағы барлық мешіттердің жанындағы сауат ашу курстары барынша жанданады. Онда жауапты адамдар бекітіліп, әрбір апта сайын есеп беріп тұрады. Сондай-ақ имамдар қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастырып, көмекке мұқтаж жандарға тұрақты түрде қол ұшын беру секілді ізгі мақсаттағы жұмыстар жалғасын таба береді.

Сонымен қатар имамдардың алдында тұрған үлкен ауқымды міндет яғни ислам дініне зардабын тигізетін теріс ағымдардың алдын алу, экстремизмге тосқауыл қою секілді маңызды жұмыстарды атқару жайы да нақтыланды.

Дін қайраткерлері де салауатты өмір салтына бұрынғыша ерекше көңіл бөледі. Осы игі мақсатта түрлі ойындар ұйымдастырып, бұқара арасында насихат жұмыстары күшейтіледі. ҚМДБ-ның барлық аймақтардағы өкілдіктердің алдына қойған үлкен мақсаттарының бірегейі – шәкірт даярлау болып табылады.

Сол себептен еліміздегі діни медреселер мен Нұр-Мұбарак ислам мәдениеті университетіне барлық аудандар мен қалалардан талапты шәкірттерді оқыту да дәстүрге айналады.

Көпшілікке мәлім, халықпен жұмыс істеу де имамдардан біліктілікті, жоғары мәдениетті, іскерлікті қажет ететіндігі даусыз. Сондықтан әрбір мешіттерге келіп түскен азаматтардың хаттарына мүмкіндігінше толыққанды жауап беру басты назарда ұсталады.

"Ұлттық спорт төрешісі" атағы берілді

Қарлығаш
ОСПАНОВА

Әулиеқөл ауданындағы Соснов ауылдық негізгі мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі С.Есенеєвтің есімі аудан, облыс, тіпті республикаға да кеңінен мәлім десек артық айтқандық болмас. Ол мұндай марапатқа өзінің спортқа деген зор сүйіспеншілігі мен жастарды салауатты өмір салтына тәрбиелеп, спортта елеулі жетістіктерге жеткізгені үшін ие болды.

Серік Фибранұлы өзі еңбек ететін кішкентай ауыл мектебінің атын шығарды. Жаттықтырушы 2007 жылы аудан тұлғі, облыс бойынша ақсап жүрген спорттың дойбы түрін қолға алды. Дойбы үйренеміз деген шәкірттерінің де спорттың осы түріне деген ынтасы артып, үйреніп те алды. Осының арқасында үлкен додаларда оза шауып, чемпион атанды. Бұл, әрине, ұстаз еңбегінің ақталғаны. Жаңа Қой жылы қарсаңында ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, спорт және дене шынықтыру комитетінің бұйырығымен Серік Есенеєвке дойбыдан Қазақстан Республикасының Ұлттық спорт төрешісі атағы берілді.

Жаттықтырушыны бұл атағымен біз де құттықтай отырып, оның атағын шығаратын шәкірттері әлі де көп болсын деп тілейміз!

Жалған құжат жасағандардың ісі сотқа түсті

Облыстық соттың баспасөз қызметі мәлімдегендей, ҚР ҚК 177 б. 3 б. "б" т. және 325 б. 2 б. (ірі мөлшерде жасалған алаяқтық және жалған құжаттарды дайындау) бойынша айыпталған сегіз азаматқа қатысты қылмыстық іс Қостанай қаласы №2 сотының қарауына түсті.

Іс материалдарында көрсетілгендей, азаматша Н. қылмыстық топтың өзге мүшелерімен бірігіп Қостанай қаласында жылжымайтын мүлікті тіркеу ісі бойынша электронды мұрағат жасаған. Топ құрамында халыққа қызмет көрсету орталығының бұрынғы инспекторы С., әділет департаментінің қызметкері М. және тергеумен анықталмаған тұлғалар болған. Олар ресми құжаттарға жалған ақпарат енгізген. Мәселен, айыпталушы С. сый алған Ш.-ның атынан сый тарту құжаттарын толтырған және оның атынан Қостанай қаласының 7 шағын ауданындағы пәтерді меншіктеу туралы құжаттар көшірмесін беру туралы арыз жазған. Айыпталушылар С. және К. азамат Б.-ның өтініші бойынша тіркеу ісінде сыйға тарту құжаттарын жалған құжатпен алмастырған. Кейін жалған құжат арқасында пәтерді 2 940 000 теңгеге сатып, қаражатты өзара бөліп алып, қажеттеріне жұмсаған. Әрі қарай көрсетілген негіз бойынша азаматша Н. алдын-ала ұжымдасқан топпен, яғни азаматтар С. және А. сөзбайласу арқылы бірнеше рет Қостанай қаласының Центральная көшесіндегі пәтерге ресми құжаттарды жалған жасап сату арқылы 1470000 теңге өндіріп, ақшаны бөліп өздерінің керек жарақтарына жаратқан.

Іс бойынша басты сот отырысы 19 қаңтарға тағайындалған.

● ҰЛЫ ЖЕҢІС – 70

Оқушылар ардагермен кездесті

Қымбат
ДОСЖАНОВА

"Нұр Отан" партиясы ҚОФ жанындағы "Жас Отан" жастар қанатының белсенді мүшелері ҰОС-ның ардагерлерімен кездесіп, сұрапыл жылдардың естеліктерін тыңдады.

Аталмыш іс-шара "Ардагерлерді ардақтайық" акциясы аясында өткен болатын. Кездесуге қаладағы №4 орта мектептің оқушылары қатысты. Шәкірттер Қостанай қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Михаил Подольковтың отты жылдар туралы әңгімесін ұйып тыңдады.

– Ұлы Отан соғысы жылдары Жеңісті жақындатуға қостанайлық жауынгерлер де үлесі қосты. Мәселен, біздің облысымызда



отыз бір азамат Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар ел үшін, бейбітшілік үшін жан аямай күресті. Отан үшін от кешкен азаматтардың ерлігі ұмытылмауы керек, – деді Қостанай қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы,

соғыс ардагері Михаил Подольков.

СУРЕТТЕ: соғыс ардагері Михаил Подольков оқушылардың ортасында.

Суретті түсірген А. ЖҮЗБАЙ.

● БІЗДІҢ ТҮСІНІКТЕМЕ

Заңсыз тіркеу жарға жығады

Шұға
ҚОҢҚАБАЙ

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап мекенжайға жалған тіркеуге тұрған қазақстандықтар жауапкершілікке тартылады.

Яғни, азаматтардың шын мәнінде тұрмайтын баспаналарында тіркелуіне тыйым салынатын болады. Жыл басында күшіне енген "ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" жаңа кодексінің осындай норма қарастырылған. Заңның басты талабы – өз үйіне адам тіркеуді ақша көзіне айналдырғандар қатарын азайту.

Заңға сәйкес, талапты бұзған баспана иелерімен қатар, тіркеуге тұрушылар да айыппұл төлейді. Атап айтсақ, тыйымды ескермеген үй иелеріне 5 АЕК, яғни 9910 теңге айыппұл салынады. Заң бұзушылар республика бойынша мекенжай мәліметтері базасы арқылы анықталады.

Облыстық ІІД көші-қон полиция басқармасы халықты құжаттандыру және тіркеу бөлімінің аға инспекторы Гүлжанат Көдебаева тұрғылықты мекенжайға жалған тіркеуге тұрғандарға айыппұл салуға қатысты түсінік берді. Инспектордың айтуынша, пәтерде тұрмайтындарды тіркеуге алған пәтер иелеріне айыппұл салу бұрынғы қолданыстағы заңда да болды.

– Өзгертулер мен толықтырулар енгізілген жаңа құжатқа сәйкес, азаматтардың тұрғылықты мекенжайы мен құжат бойынша тіркелген жері екі бөлек болса, яғни үйдің иесі ол үйде тұрмайтын адамды тіркеуге тұрғызса, онда оған 5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. Сонымен қатар, тіркеуден шығып 10 күн ішінде басқа жерге тіркелмеген азаматтарға ескерту жасалады. Егер он күннен үш айға дейінгі мерзімде



басқа жерге тіркелмесе де 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді.

Бірақ маман тіркеудегі жерден басқа жерде тұрғаны үшін де қазақстандықтарға айыппұл салынатынын айтты.

– Жаңа кодексте үйінде тұрмайтындарды уақытында тіркеуден шығармаған үй иелеріне 3 АЕК мөлшерінде айыппұл салу бірінші рет енгізілді. Бұрын бұл талап тек заңды тұлғаларға қойылған, қазір жеке тұлғаларға да қолданылып отыр. Мысалы, сіз Арқалық қаласындағы ата-анаңыздың үйінде тіркеуде болып, бірақ Қостанайда тұрып, жұмыс істейтін болсаңыз, жаңа кодекс бойынша да әкімшілік хаттама толтырылып, 5 АЕК мөлшерінде айыппұл төлетіледі. Бірақ сіздің ата-анаңызға сізді тіркеуден шығармағаны үшін де айыппұл салынады. Сонымен қатар, көші-қон полиция қызметкерлері учаскелік инспекторлармен бірлесіп, тұрғылықты мекенжай бойынша тіркеуде тұрғандарға үнемі рейд жүргізеді. Ішкі істер органдарының қызметкерлері әр пәтерді аралап, барлық адамның мекенжай анықтамасын тексеріп жүрмейді. Егер сіз, көрші үйде бірнеше адам тұрады, күндіз-түні шулап, маза бермейді дегендей шағым түсірсеңіз, онда

сол пәтерді тіркеусіз паналаған азаматтарды біз жаңа кодекске сәйкес, әкімшілік жауапкершілікке тартамыз. Яғни, заңда көрсетілген айыппұлды төлейді, – деді Г.Көдебаева.

Жалпы осы тақырып әлеуметтік желілерде де қызу талқылануда. Алайда, күшіне енген Кодекстегі жаңа өзгертулерге онсыз да пәтерден пәтерге көшіп, берекесі қашып жүрген бұқараның келісімі жоқ. "Өзіміз үйсіз-күйсіз жүргенде тапқан-таянғанымыз айыппұлға кете ме" деп қорқады. Осылай деген Бағлан Ахметов, бұл жайтты әділетсіздікке балап отыр. Ол Қостанайда он жылдан бері оннан астам пәтер жалдаған. Қазір арзан бағаға келісіп, қаладағы жатақханалардың бірінде жары және баласымен тұрып жатқанына бірнеше айдың жүзі болыпты.

Бағлан Ахметов, қала тұрғыны:

– Отбасым, екі балам бар. Өзім де, жолдасым да жоғары білімдіміз. Ол – медицина қызметкері. Өзім – музыкантпын. Мекен етіп жатқан жерде тұрғылықты жер болуы керек деп жатыр. Біз Затобол кентінде тіркеуде тұрмыз. Егер үйдің иесі тұрғылықты жерден шығарам десе, онда қайда баратынымды, не істейтінімді білмеймін.

● АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Қайтсек

көбеймекпіз?

**Жұматай
КӘКІМЖАНОВ**

Кеңес үкіметі ыдырап, құрамындағы елдер етек-жеңдерін жиғаннан бастап, ТМД көлеміндегі көші-қонның саябырсығаны мәлім. Сол кездері КСРО-ны кезіп, нанын тауып нәпақасын айырғандар да, өз елдеріне орала бастады. Мұндай үрдістің қазақ елін де айналып өтпегені мәлім. Мысалы, қазақтың кең байтақ жерін мекен еткен орыс, неміс ұлттарының өкілдері тарихи Отанына оралуды жөн көрді. Әсіресе, көрші елмен қоңсылас отырған Қостанай облысынан халық көптеп ағылған еді. Салдарынан, өзге ұлт өкілдері мекен еткен ауылдар қаңырап, кейбірі тіптен жабылып қалды. Статистикалық мәліметке жүгінер болсақ, 1989 жылдары Тобыл өңіріне қоныстанғандардың саны 1 223 844 адам болса, 90-шы жылғы тоқырау тұсында адам саны миллионға түсті. Ал, 2009 жылы жүргізілген санақтың нәтижесінде, облыс тұрғындарының 886 мың адам болғанын аңғардық.

Аллаға тәубе, қиыншылық заманды артқа салып, қазақ елі қарышты дамып келеді. Елбасының бастамасымен, ел экономикасын көтерер бағдарламалар қолға алынып, халықтың әлауқаты жақсара түсті. Тың жобалардың Тобыл өңірінде де жүзеге асырылып жатқанын айта кет-

кен жөн. Осыған қарамастан, Қостанайдан қоныс аударғандардың қатары сөйілмей тұр. Соңғы мәліметтерге жүгінер болсақ, 2014 жылдың бірінші қаңтарына дейін келімді-кетімдісін қоса есепке алғанда 881 109 адам есепке алыныпты. Ал, жылдың аяғына дейін 666 адам көшіп келген. Табиғи өсіммен қатарымыз 3 160 сәбімен толысыпты. Ал, Қостанай облысынан қоныс аударғандардың саны 2494. Жыл аяғындағы есепке жүгінер болсақ, желтоқсан айында халық саны 881 442 болған. Осы қарқынымен кете берсе, ауылды аймақты былай қойғанда, қалың нөпірлі қаланың қаңырап түрі бар. Бұл тек Тобыл өңіріне ғана емес, тұтастай солтүстік аймақтарға тән құбылыс.

Демографиялық ахуалды жақсартудың қарапайым жолы - табиғи өсімге қозғау салу. Ана мен бала капиталын жақсартып, халықтың әлеуметтік жағдайына, тұрмыс-тіршілігіне назар аудару. Елімізде айтылғандардың барлығы да қолға алынған. Десе де, нәтижесі көңіл көншітпейді. Қатарымыз өлі де аз, 17 млн. ғанамыз.

Қырым – Ресей Федерациясының құрамына енгелі ел мен жер мәселесі күн тәртібіндегі бірінші болмағанымен, басты мәселесіне айналғаны әмбеге аян. Лимоннов, Жириновский іспетті ресейлік желөкпелер қазақтың шұрайлы жеріне шүйлігіп, мінберден түспегелі – биліктің де,

бұқараның да ойлағаны шекара шебін тас-тұйнақтай бекітіп алу еді. Ресей Президентінің "қазақ даласында мемлекет болмаған" деген сөзі – қолға алған ісіміздің дұрыстығын растағандай. Қатарымыздың аздығы осы тұста сезіле бастады. Әсіресе, көрші елмен қоңсылас отырған Қостанай облысы үшін бұл – үлкен мәселе.

Қазақстандықтардың қатарын қалыңдату мәселесімен Елбасымыз Тәуелсіздік тұғырына мінген сәттен айналысты. Табиғи өсімге қозғау салудан өзге, қандастарымызды тарихи отанына қайтарудың түрлі жолдары қарастырылып, арнайы бағдарламалар да қабылданды. 2014 жылдың өзінде ғана елімізге 7 мыңнан астам шет елдердегі бауырларымыз оралған. Солардың Қостанайға қоныстанғаны некен-саяқ. Қысы қатты болғандықтан ба, әлде, басқа да себептері бар ма білмедім, әйтеуір Қостанайдан қашатындар көп. Тіпті, жастардың өзі арман қуып, Астанаға, Алматыға аттанып жатады. Әрине, елдігіміздің, тәуелсіздігіміздің басты нышанына айналған Астананың гүлденуіне қостанайлықтардың да сүбелі үлесін қосып жатқаны көңіл қуантады. Десе де, жас мамандардың Елордасына ойысуы – өңірдегі кадр тапшылығын тудырары анық. Мұны да естен шығармағанымыз ләзім.

Білім деңгейі неге төмен?

**Айтолқын
АЙҚАДАМОВА**

Білім беру жүйесін жаңғырту, оны дамыту болашақ мектеп оқушыларының сапалы білім алып, білімді ұрпақ тәрбиелеудегі басты бағыттардың бірі. Осыған орай, Науырзым ауданындағы Докучаев орта мектебінің акт залында "Науырзым ауданы білім беру саласының дамуы" атты тақырыпта мұғалімдер конференциясы өтті. Оған аудан әкімі Т.Даиров, облыстық білім беру басқармасының бөлім басшысы С.Еришева және аудандық білім беру бөлімінің басшысы М.Айсін мен мұғалімдер қатысты.

Қазір білімдінің заманы. Ал ауылды жерде балаға білім берудің деңгейі қандай? Не себепті ауыл баласы туған үйден жырақта, қала мектептерінде оқығанды қалайды. Жиналыс барысында сөз алған М.Айсін соңғы үш жылда ҰБТ бойынша Науырзым ауданы 19-шы орында екенін атап өтті. (барлығы 20 орын). Бұл білім деңгейінің қаншалықты төмен екенін көрсететін айқын дәлел. Бөлім басшысы оның негізгі себептері – оқушылардың сабаққа деген ынтасының жоқтығы, ауыл тұрғындарының қалаға қоныс аударуы және ата-аналардың балаларын 6 сыныптан кейін гимназия, мектеп-интернаттарға беруі дегенді алға тартты. Бірақ ең маңызды және басты фактор – кадр жетіспеушілігі. Яғни математика, физика, тарих, биология және география пәндері бойынша ауданда мұғалімдер жетіспейді. Ал бұл білім саласындағы негізгі пәндер екені белгілі. Бүгінде аудан бойынша барлығы 11

мұғалім қажет. Тағы мына бір дерекке көңіл аударуға болар. Ауданда 25 мұғалім өз саласына жатпайтын пән бойынша сабақ беріп келеді. Осындай жағдайдан соң білім деңгейінің төмендеуі айтпаса да түсінікті болар.

Ауданға жас мамандардың келуіне жағдай жасалып жатыр. Бірақ жастар аудан орталығына келгісі бар да, ауылға барғысы жоқ. Не себеп? Себеп шаш етекпен десе де болады. Алдымен, ауылдан қатынау қиын. Таксилердің бағасы аспандап тұр. Онымен қоса интернет те жоқ. Және баспана жайы да алаңдатады.

Білім деңгейінің төмендігіне қарамастан аудандық білім беру жүйесінде оң өзгерістер материалдық жағынан байқалады. Жыл сайын бұл салаға бағытталатын қаржы көлемі өсіп келеді. Мысалы, былтыр білім саласына 702 млн. 904 мың қаражат бөлінсе, биыл бұл көрсеткіш 393 млн. 114 мың теңгеге көбейген. Яғни, 1 млрд теңге нақты білім саласына бөлініп отыр. Бұл өз кезегінде оқу-тәрбие үрдісінің жақсарып, білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар білім сапасының дамуына да жақсы әсерін берсе қаражаттың ауаға кетпегені болар еді. Былтыр ауданда Докучаев орта мектебі қолданысқа берілген болатын. Буревестник орта мектебі де күрделі жөндеуден өтті.

Мұғалімдер конференциясына қатысқан аудан әкімі Т.Дайыров: "Сапалы білім алуға бар жағдай жасалып жатыр. Осыған сай алда тұрған міндеттер бұдан да үлкен болуы керек. Білімді ұрпақ тәрбиелеуде ұстаздар қауымына артылған жүк ауыр. Бұл өз кезегінде сіздерден зор күш-жігерді, кәсіби шеберлік пен шығармашылықты талап етеді", – деді.

Биылғы жылы аудан білім көрсеткіші бойынша алға қадам бастар деген үміттеміз. Науырзым ауданы.

**Сілеусін адамдарға шапқан**

Қарасу. Қарамырза ауылына кіріп кеткен сілеусіннің көзі жойылды. Ауыл тұрғындарының айтуынша, дала тағысы алдымен аула итіне, кейін "Рамазан-Қарасу" ЖШС күзетшісіне тап берген. Күзетші басқаларды көмекке шақырғанда сілеусін ауладағы жүк көліктерінің бірінің астына жасырынып қалыпты. Кейін ол оқиға орнына шақырылған аңшыларға да шабуылдауға ұмтылған.

Сырғанақтың салдары...

Қостанай қ. Облыстық балалар ауруханасына екі аптаның ішінде жиырмаға жуық бала сырғанақтың салдарынан түрлі жарақатпен түскен. Олардың арасында жабық бас-ми жарақатымен, тізесін, қол-аяғын жарақаттап алғандар да бар. Сырғанақтың салдарынан жарақат алған балалардың ең кішісі 4 жаста болса, қалғандары 7 мен 13 жас аралығындағы жеткіншектер екен.

Айыппұлдардың көлемі төмендейді

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жүкті аналар мен көмелеттік жасқа толмағандарға қатысты айыппұл көлемі 30 пайызға төмендетілуі мүмкін. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ҚР Әділет вице-министрі Зәуреш Баймолдина мәлім етті. Оның сөзіне қарағанда, бұл жеңілдіктер құқық бұзушылар толық кінәсін мойындап, өкініш білдірген кезде ғана қолданылады.

Көпбалалы аналарға құрмет

Науырзым. Қожа ауылының тұрғыны Жұмакүл Байбейсова "Күміс алқа" иегері. Ақ жаулықты ана жаңа жылды жақсы сияпатпен қарсы алды. Қостанай облысының әр ауданынан бір ғана ата-анаға берілетін сыйлық осы шаңыраққа бұйырған еді. Бұл жанұяда желкілдеп жеті бала өсіп келеді. "Балалы үй – базар" демекші, отбасында әр баланың орны бөлек. Алла қаласа жақын да отбасы тағы бір баламен толығып, отанасы "Алтын алқа" иегері атансам деген ойы бар.

Сертификат алды

Сарыкөл. Аудандық тілдерді оқыту орталығы тіл үйренуші тұрғындар үшін тиісті оқыту жұмыстарын жемісті атқарып келеді. Жақында мемлекеттік тілді мейлінше меңгерген бір топ сарыкөлдiк салтанатты түрде сертификаттар алды. Мемлекеттік тіл бойынша деңгейлік оқыту курстарын тәмамдағандардың қатарында мемлекеттік мекеме, ұйым, кәсіпорын қызметкерлері бар. Оқу ордасынан 35 адам мемлекеттік тілді меңгеріп шықты.

Көптілділікті үйрету

Облыста. Тәрбие мен білім беру мазмұнын инновациялық тұрғыда құру мақсатында, "Балапан" мемлекеттік бағдарламасы аясында Рудный қаласындағы "Балдәурен" оқу-тәрбие орталығында, Арқалықтағы "Алпамыс" балабақшасында, Қарабалық ауданындағы "Айналайын" бөбекжай-бақшада қазақ, орыс және ағылшын тілдерін үйрету жөніндегі эксперимент алаңдары жұмысын бастады. Тәжірибе іске асқан жағдайда басқа да білім ошақтары осы бағдарламаға қосылатын болады.

Үздік үштіктің қатарында

Рудный. Қалалық жасөспірімдер мен балаларға арналған спорт мектебінің тәрбиеленушілері грек-рим күресінен өткен облыстық турнирде жеңіс тұғырынан көрінді. ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы В.Матвиенконың құрметіне ұйымдастырылған жарысқа 100-ден астам спортшы қатысқан болатын. Олар 9-11, 12-14 және 15-16 жас дәрежесінде сынға түсіп, 9 медальді сарапқа салды. Кеншілер шаһарының атынан шыққан 12 балуан алтыннан алқа тақпасада, тағы төртеуі қос бірдей күміс, қола жүлделерді қанжығасына байлады.

Қасымхан ағам – қас батыр



1. Он сегізінде от кешкен

Қасекеңнің балалық пен жігіттік шағының 7-8 жылы әскерде, қан майданда



Гвардия аға сержанты
Қасымхан Алдабергенов. 1945 ж.

өтіпті. Кейін өзі «Думанды дәурен» атты екі томдық кітабында былай деп жазыпты: «Встать!», «Ложись!», «Бегом марш!», «Напра-налево!» 17-25 арасындағы жасымызды беріппіз. Адамға бір-ақ рет берілетін өмірдің бұл қандай тұсы екенін айтып жату артық шығар. Махаббатты былай қойғанда, ғылым мен білімді, өнер мен өнегені игеретін нақ алғыр да албырт, гүлдей жайнайтын кезің емес пе?! Бірақ қайда, қандай жағдайда жүрсең де өмір өрнексіз өтпейді, өзіндік із қалдырады».

Ұлы Отан соғысындағы ерекше бір бетбұрыс кезеңі болған 1943 жылы Кеңес Армиясы әуе-десант әскерлерін құра бастады. Қасымхан Алдабергенов сол жасақтың алғашқы қатардағы сарбаздарының бірі еді. Сол 1943 жылдың маусым айында Владимир облысы Киржач қаласының маңында 14-ші гвардиялық әуе-десанты бригадасы құрылды.

– Бригадада Қостанай облысынан біраз жігіттер болдық, – деп еске алады майдангер. – Солардың ішінде Сейітжапар Сейтаев, Нұрғазы Әмірбаев, Үмітбек Досаев, Телғара Әбенәлі сияқты азаматтар бар еді. Олар атқыштар, мен пулеметшілер ротасында болдым... Өйткені мен бұл бригадаға Златоуст пулемет училищесінен келген болатыным...

Осы арада тағы да Қасекеңнің «Думанды дәурен» кітабына үңілейік: «Бригада бір табиғаты маужыраған жаңа жерге қоныстанды: қалың қарағайдың арасы, шағын бір өзен-сайдың жағасы. Не керек, құрылысты қолымызбен атқардық, жер қаздық, бөрене тасыдық, баспана тұрғыздық. Құралымыз күрек пен балта ғана. Жыл жарым тұрдық осы арада. Түрлі әскери ойындар, жаттығулар, парашютпен секіру.

...Әскери тактикаға шыққанда араға бір қонып, қырық шақырым жерден ораламыз. Әлгі аңыздарда айтылатын «мүз жастанып, қар жамылып» дейтінді біз ақиқатқа айналдырдық. Қыс баласы бір қасық су көрмейміз. 20-25 градус аязда ұйқыдан тұрысымен 4-5 шақырым жерге ақ қардың үстімен жүгіріп барып келесің, үстімізде жұқа жиде, жұқа шалбар, жалаң бас. Келе қармен жуынамыз.

...Негізгі парашют – 16 килограмм, қосалқы парашют – 8 килограмм, осыларды арқалып, оның үстіне қару-жарағың бар, 20 шақырым жердегі аэродромға барасың жаяу. Содан қарғу басталады. Ұшақ сені

40-50 шақырым жерге апарып тастайды. Ұшақтан ағытылып, жерге құлдырайсың...

Парашют ашылмай, қаза тапқандар арамызда жиі болып тұрды. Жыл жарымның ішінде бүтіндей бір қорым, бейіт қалдырдық жаңағы лагерьде»...

Ұлы Жеңістің ұлы жолында осы Қасекең сияқты қаһармандарымыздың табан ізі қалды. Батыс Еуропа – Венгрия, Австрия, Чехословакия елдерін фашизмнен азат еткен ардагерлердің бірі де осы Қасымхан аға еді.

2. Майдандас дос Әшірбай

Ағамыздың қарулас достарының бірі – ақын, журналист Әшірбай Есмұрзаев екен. Тараздың жігіті, Қасекеңнен бір мүшел үлкен. Будапеште екеуінің бірге түскен суретін майдангер ерекше бір жәдігер ретінде күні бүгінге дейін сақтап келеді. (Бүгін газетте жарияланып отырған сол сурет. С.М.). Сол суреттің сыртына Әшекең былай деп жазыпты:

«Қасымхан!
Тән бөлек, бас та бөлек, кеуде бөлек,
Кісіге ажырасу болар демек.
Мұқалмас махаббатты, шын достықты,
Сол кезде достықпенен ойлау керек.
Сен менің жүрегімнен орын алдың,
Келеді минут сайын
еске салғым.

Берген ант, етілген серт осы болсын:

Сені – іні, мені – аға деп қолымды алғың».

Майдандастар соғысты Чехословакияда аяқтайды. Жеңістен кейін Әшірбай жасына қарай елге қайтады. Қимай қостасады, қуанышпен қостасады. Қуанбағанда ше? Жау жеңілді, сағы сынды, достардың мерейі үстем болды.

Қасымхан әскер қатарындағы қызметін одан әрі жалғастыра береді. Венгрия жерінде 1946 жылдың қаңтарына дейін болады. Әуе-десант бөлімінің тұрған жері, нөмірі де талай өзгерді. Сондай апақсапақта Әшекеңнен көз жазып қалады.

Елуінші жылдары әскерден босап, елге келеді. Әдебиетке, өнерге құштар ағамыз бірде Қостанайдағы кітап дүкеніне келсе, Әшірбай Есмұрзаевтың «Арман ағысы» атты жыр жинағы көзіне оттай басылады.

Қасекең майдандас досының дерегін іздеп, «Қазақ әдебиеті» газетіне хат жазады. Кешікпей жауап хат сол Әшекеңнің өзінен келеді. Жамбыл облыстық «Еңбек туы» газетінде қызмет істейтін майдандас дос былай деп жазыпты: «...Ал, мен сенің асыл да ақжарқын бейнеңді қазір көз алдыма елестетіп, енді қандай болды екен деп аңсарым ауа осы хатты жазып отырмын. Қартайып келе жатқанда сендей мейірбанды іні табу қандай қуаныш та, жұбаныш. Әнеу күні қарттықты ойлап отырып, мына

бір өлеңді жазған едім:

«Басыңды бурыл шалғаны –
Адамның ізгі арманы,
Көзіңнің нұры қашқаны –
Ұрпаққа шапақ шашқаны,
Бетіңе әжім түссе мол –
Өмірге салған ізің ол.
Бойыңнан қуат тайғаны –
Дүниеге күшің жайғаны.
Еңкейгені беліңнің –
Есейгені еліңнің.
Қартайсаң мез боп қуанғың,
Соларды көріп жұбанғың.

Қасым! Қатынастың басы осы болсын.
Қостанайда бір інім бар деп білемін. Келсең, қарсы аламыз. Қанат, құйрық баршылық...

Құшып сүюші ағаң Әшірбай (Балалары да).

Жамбыл қаласы, 16 ақпан 1967 ж.»

Сол Әшекеңнің тағы бір хатынан үзінді: «Достық деген сыршыл, нәзік бір қыл бар,

Байлап тартсаң, иіледі шың-құздар.

Жаза басып, үзіп алып жүрмегің,

Қастық деген тайғақ, жылтыр бір мұз бар».

Сол Әшекеңнің кітабынан алған бір шумақ өлең:

«Жастық – ол қарттық сатысы,

Өзің-ақ басып, өрлейсің.

Өлім – ол өмір ақысы,

Алғанды қалай бермейсің».



Майдандас достар. Әшірбай Есмұрзаев пен Қасымхан Алдабергенов. Будапешт. 1945ж.



Ардагерлер Қасымхан Алдабергенов пен Қажы Маманов. Алматы. 9 мамыр 2005 ж.



Қасекең Жітіқара сахнасында

Енді Қасекеңнің сол майдандас досы туралы кітабындағы жазбалар: «Сол асыл азамат өмір «ақысын» өтепті. Алғаны көп болмаса да, бергені көп күйінде дүниеден өтті. Ұлы Жеңіске қолына қару алып, қан кешіп қосқан үлесі не тұрады? От ішінде ойнаған қайран досым, өз-аға, Әшекем! Ажырасқалы 55 жыл. Өлең оққа ұшпайды, хаттар ескірмейді. Айтар көп. Азда болса, осы жазғандарым сенің рухыңа бағыштаған дұғам болсын».

Иә, майдангер ағалар достығы тарихының біз білетін бір сыры осындай.

3. Сегіз қырлы, бір сырлы

Осыдан 80 жыл бұрын Жітіқара ауданы Шілікті ауылынан келген қаршадай бала облыс орталығы Қостанайдың әуелі залдарының бірінің сахнасында тамыл-жыта ән шырқап тұрды. Бұл мектеп оқушылары көркемөнерпаздары ұжымының қорытынды концерті еді.

1941 жылы екінші рет осындай өнер байқауына жүргелі тұрғанда соғыс басталды. Ал қан майданның қызып тұрған 1943 жылы ол Отан қорғауға аттанды. Содан елге тек 1950 жылы оралды. Келе сала өнерпаз жігіт өнерлі жастарды топтастырып, ауылды ән мен күйге бөледі. Ол басқарған көркемөнерпаздар облыстық фестивальдарға қатысып, талай жүлделер алды.

1959-1979 жылдар аралығында облыста алты рет ақындар айтысы өткен екен. Халқымыздың ғажайып өнерін жете меңгерген ол Жітіқара ауданының намысын қорғап, сол алты айтыстың төртеуінде бірінші орынды жеңіп алды. 1961 жылы өткен Тың өлкелік айтыс туралы сол кездегі Одақтың бас газеті "Правда" былай деп жазды: "Қостанай, 5 (ТАСС). В центре Целинного края состоялся айтыс – поэтическое состязание акынов поэтов-импровизаторов, посвященное 40-летию Советской власти в Казахстане. В ярких образных песнях под аккомпанемент домбры акыны рассказывают о новой, счастливой жизни казахского народа..."

Победителем айтыса вышел сельский учитель Касымхан Алдабергенов из Джетыгаринского района".

Өнердегі өмірбаянды одан әрі қарай жалғастыратын болсақ, ол былайша өрбиді. 1980 жылы II республикалық айтыста Қасекең Қостанайдың намысын қорғап, астана төрінде тіл безеді. Қазақ поэзиясының абызы Әбділдә Тәжібаев құшағына қысып, "айналайын, өнеріңе төнтімін" деп иығына шапан жауып, қолына домбыра ұстатыпты. "Жыр-шашу" кітабында Қасекеңнің сол айтысы басылып шықты.

Қазақ теледидары әдейі төрт рет Алматыға шақыртып, "Халықтар қазынасы" циклынан ұлы Абайдың "Масғұт", "Ескендір" поэмаларын жырлатты. Ара-арасында әрі ақын, әрі сазгер, әрі енші аға өз шығармаларын да орындады.

Күні кеше ғана Қасекең Қазақ радиосынан екі күн бойы жыр төкті.

Ширек ғасырдан астам газеттің меншікті тілшісі бола жүріп, Қасымхан аға облыс шежіресін жазды. Оның қаламынан туған дүниелер уақыт болмысын дөп басып, небір көкейтесті мәселелерді қозғайтын. Өлең де жазатын, өн де шығаратын.

Ұлы Жеңістің 55 жылдық мерейтойында майдангер аға Астананың төрінде, 65 жылдығында Мәскеуде өткен Жеңіс парадына қатысып қайтқан саналуан сарбаздардың бірі болды.

Түркістанда өткен пайғамбар жасына келген өнерпаздардың "Батаменен ел көгерер" атты байқауында біздің Қасекеңнің тағы да бағы жанды. Бүкіл елден келген небір жүйріктермен үзеңгі қағыстырған өнерпаз аға жүлделі орынды жеңіп алып, облыс мерейін шығарды.

Кейін облыста тұңғыш рет ұйымдасты-

рылған жыршы-термешілер байқауына ұйты болып, өнерпаздар қадамын жіті қадағалап, қазылық еткендердің бірі де осы Қасекең еді.

4. Қасекең біздің – қайраткер

Майдангер, қаламгер аға бүкіл саналы ғұмырында қоғамдық маңызы зор сан алуан тақырыпқа ой толғап, мақалалар жазды, мәртебелі мінбелерден сөз сөйледі, жастармен етене сырласты. Туып-өскен өлкенің жер-су, елді мекен атауларын та-

Әуликөл аудандарындағы меншікті тілшісі болып, талай көкейтесті мәселелер көтеріп, редакция мен оқырман арасындағы алтын көпір болды. Сол аудандардағы ағайын күні бүгінге дейін ағамыздың жағдайын сұрап жатады. Құдайға шүкір, биыл тоқсанға келетін майдангер тың, қуатты, тіл-көзіміз тасқа, жас жігіттердей ширақ, сөзі орамды, ойы ұшқыр, Шолпан жеңгеміз қасында, азамат болған ұл-қыздары өріс жайған, немере-шөберелер өсіп келеді. Қолынан қаламы түспеген. Өз газетінің өткен жылғы лауреаты болған да осы ағамыз.

2010 жылы 85 жасқа толар шақта қаламгер Қасекең «Думанды дәурен»



Майдандас достар: гвардия старшиналары Қасымхан Алдабергенов пен Сергей Степанцев.

рихи қалпына келтіру жөнінде дәлелді де дәл пікір өрбітті. Ұлттық музыкамыз, әуен, мақам туралы, жыршылық, термешілік дәстүр жөнінде білгірлікпен баяндады.

Ана тілінің тазалығын, оның биязы үнділігін бұзушыларға, әсіресе, теле-радио, газет-журнал тілшілеріне сабақ болар талай дүниелер жазды.

Қасымхан ағаның тағы бір ерлігі – ол Кеңес Одағының Батыры Естай Есжановтың ерлік тарихын зерттеп, жариялады. Ол туралы соғыс кезінде жазылған талай дүниелерді тауып, бүгінгі ұрпаққа жеткізді. Енді, міне, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында сол даңқты жерлесімізге, от майданда елін, жерін қорғау жолында опат болған Батырға Қостанай қаласынан бір көшенің атын беру жөнінде бастама көтеріп, облыстық, қалалық әкімдіктер алдына мәселе қойып отыр.

5. Ағаның ақ батасы

Қасекең осы «Қостанай таңы» газетінің Ұзынкөл-Меңдіқара, кейін Науырзым-

атты екі томдық кітап жазып, айды аспанға бір-ақ шығарды. Сол ерекше құнды жәдігерді өз қолтаңбасымен қанаттас, қаламдас інісі ретінде маған сыйлаған еді. Былай депті өз-ағам: «Өнер ауылында менен жылт етіп бір ұшқын шыға қалса, соны лаулатып, алаулатып алып кететін, халыққа жеткізетін алтын көпірім, алыс жолдан келе жатқан ағасын қолтығынан демеп, бойына қуат құятын, құлшынтып, қатарға қосып жүретін рухани інім – осы Сәлім!

Інісі бардың, тынысы бар, тынысымыз кең болсын!

Ағадан алғыс – ақ бата!

Автор Қасымхан Алдабергенов. 19 қаңтар, 2011 жыл».

Айналайын, өз-аға! Несін жасырайын, Сіздің бұл алғыс – ақ батаңыз жүрегімді толқытты, жанымды жадыратты. Сол үшін де, мына қатыгез, қатал заманда өзіңіздей ақ жүрек, адал, ақылшы ағаларым барына тәубе деймін. Сол ардагер, абыз ағаларымыз аман болғай!

(Суреттер ағамыздың жеке мұрағатынан алынды).

● ЖЫР ЖОЛДАРЫ Ақан сері, Біржандарды жалғаған Қасымхан Алдабергеновке

Ақан сері, Біржандарды жалғаған,
Бар өмірін Ұлы өнерге арнаған.
Еш пендеге өр кеудесін бастырмай,
Сексенде де серілігі қалмаған.

Сексен бесте!
Жалыны өсте өшпесін,
Мерейленген сәтін туыс, дос көрсін!
Көтерсінші тағы да бір ағамыз,
Мәз болғанда көтеруші еді өкшесін.

Көмейінен төгіледі бұлақ-ән,
Жыршы, жырау, әр сөзі елге ұнаған.
Қасымхан деп қойса да атын,
Хандықтан
Ақындықты биік қойған бұл адам!

Қуат-күші өн-бойында бар әлі,
Жүрегіңді жылытады жанары.

Жарыстырып, алыстырып көріңдер,
Ермекбай мен Дәмер жолда қалады!

Өмір – өзен,
Ырық бермей ағысқа,
Көз тігумен келе жатыр алысқа.
Жыршылардың шаң қаптырып талайын,
Бас жүлдені жеңіп алған жарыста!

Қан майданда өтсе жастық күндері,
Жасымады, басты қадам ілгері!
Журналистер арасында озық ол,
Ақындардың айтысында жүлделі!

Қасым аға, көп өнерге қосқаның,
Көп ағайын, көп туысың, достарың.
Барлығының тілегі бір
Жүз жасқа
Жетелесін келе жатқан тоқсаның!

Серікбай ОСПАНОВ.

"Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ ӨФ аукцион өткізілетіні туралы хабарлайды
№1 лот: "Kia Sorento" автомобилі, кроссовер, 2010 жылы шығарылған, двигатель көлемі 2349 текше см. Беріліс қорабы- механика, отын түрі - бензин.
Бастапқы (алғашқы) бағасы: 2 098 980 (екі миллион тоқсан сегіз мың тоғыз жүз сексен) теңге.
Өткізілетін күні: 2015 ж. 26 қаңтар сағ. 10.00, мекенжайы: Қостанай қ., Әл-Фараби д-лы, 65.
Кепілдік жарна: 104 949 (жүз төрт мың тоғыз жүз қырық тоғыз) теңге.

Кепілдік жарнаны телеу аукционның басталуына 1 (бір) күн қалғанға дейін көшіктірмей жүргізіледі және мына деректемелерге аудару жолымен енгізіледі:

Қостанай облысы бойынша "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ ӨФ
БИН 020641000525
ИИК KZ265319M0100003393635
"БТА Банк" АҚ
БИК ABKZKZKX
КБЕ 15

Аукционға қатысуға етінім қабылдау және нысанмен танысу мына мекенжай бойынша:

Қостанай қ., Әл-Фараби д-лы, 65, каб. №204.
Етінімді беру және нысанмен танысу мерзімі:
Жұмыс күндері сағ. 9.00-ден 18.00-ге дейін, жарияланым күнінен бастап 26.01.2015 ж. дейін.

Сауданы өткізу әдісі: ағылшын (бастапқы бағаны өсіріп отырып).

Анықтама үшін телефон: 8(7142) 54-15-83, байланыс тұлғасы Бекпасов Арман.

РФ АО "Фонд развития предпринимательства "Даму" по Костанайской области информирует о проведении аукциона:

Лот №1: Автомобиль "Kia Sorento", кроссовер, 2010 года выпуска, объем двигателя 2349 см. куб, коробка передач – механика, тип топлива – бензин, Начальная (стартовая) цена: 2 098 980 (два миллиона девятьсот восемь тысяч девятьсот восемьдесят) тенге.

Дата проведения: 26 января 2015 г. в 10.00 часов по адресу: г.Костанай, пр.Аль-Фараби, 65

Гарантийный взнос: 104 949 (сто четыре тысячи девятьсот сорок девять) тенге;

Оплата гарантийного взноса производится не позднее 1 (одного) дня до начала аукциона и вносится путем перечисления на реквизиты:

РФ АО "Фонд развития малого предпринимательства" "Даму" по Костанайской области

БИН 020641000525

ИИК KZ265319M0100003393635

АО "БТА Банк"

БИК ABKZKZKX

КБЕ 15

Адрес для принятия заявок на участие в аукционе и для ознакомления с объектом:

г.Костанай, пр.Аль-Фараби, 65, каб.№204

Срок подачи заявок и ознакомления с объектом: в рабочие дни с 9.00 до 18.00, с даты публикации до 26.01.2015 г.

Метод проведения торгов: английский (на повышение стартовой цены);

Справки по телефону: 8 (7142) 54-15-83, контактное лицо Бекпасов Арман.

Кепілдегі мүлікті сату жөнінде сауда-саттық жариялайды.

Сауда-саттық 2015 жылғы 27 қаңтарда сағат 10 да мына мекенжайда өтеді: Қостанай қ., Әл-Фараби көшесі, 119 үй, каб. 414/16. Қостанай облысы АО "Би-Логистикс" АҚ-ы мен ӘКК Тобол АҚ-ы келісім-шартқа сәйкес сауда-саттық өткізеді, ағылшын әдісі, жоғарылау тәсілімен: **Лот № 01** - өсімдіктің майының өндірісіне жабдық және өсімдіктің майы өндірісінің цехы, жалпы алаңы 648,4 ш.м., жер телімі мен алаңы 0,925 гектар к/н 12-191-001-480 орналасқан мекенжайы: Қостанай облысы, Федоров ауданы, Федоров ауылы, Энгельс к-сі, 1 үй, бағасы - 137 890 823 теңге. **Лот № 02** - жылжымайтын мүлік ж/алаңы 1608,1 ш.м., соның ішінде цех ж/алаңы 125,5 ш.м., астық ғимараты ж/алаңы 963,2 ш.м., астық ғимараты ж/алаңы 348 ш.м., қойма бөлмелері ж/алаңы 171,4 ш.м., ж/т алаңы 2,9159 гектар к/н 12-191-035-612 орналасқан мекенжайы: Қостанай облысы, Федоров ауданы, Федоров ауылы, Энгельс к-сі, 1 үй, бағасы - 22 793 497 теңге. **Лот №03** жалға алынған жер телімі ж/алаңы 386,5 гектар к/н 12-191-035-614, ж/е 12-191-035-612 орналасқан мекенжайы: Қостанай облысы, Федоров ауданы, Жаркөл ауылы, бағасы 5 400 130 теңге. **Лот №04** комбайн Енисей 1200-1НМ 2008 ш.ж. мемлекеттік тіркелген нөмірі 483 РАКД, қозғағыш нөмірі 01589/14681; бағасы 6 296 938 теңге. **Лот №05** комбайн Енисей 1200-1НМ 2007 ш.ж. мемлекеттік тіркелген нөмірі 231 РАМД, қозғағыш нөмірі 00670/154032; бағасы 6 172 512 теңге. **Лот №06** комбайн Енисей 1200-1НМ 2008 ш.ж. мемлекеттік тіркелген нөмірі 771 РАОД, қозғағыш нөмірі 157862; бағасы 6 296 938 теңге. **Лот №07** комбайн Енисей 1200-1НМ 2008 ш.ж. мемлекеттік тіркелген нөмірі 481 РАКД, қозғағыш нөмірі 01467/13306; бағасы 5 302 811 теңге. **Лот №08** комбайн Енисей 1200-1НМ 2007 ш.ж. мемлекеттік тіркелген нөмірі 487 РАКД, қозғағыш нөмірі 01168/12690; бағасы 5 522 667 теңге.

Саудаға қатысу үшін мүлік бағасының 5% мөлшеріндегі кепілдік жарна Қостанай облысы АҚ "Әлеуметтік-кәсіпкерлік "Тобол" корпорациясының ИИК KZ4794807KZT22030699, БИН 110140002676, БИК EURIKZKA депозиттік шотына өткізіледі, АҚ "Евразийский банк".
Аукционға қатысу үшін тапсырыс қабылдануы осы хабарлама жарияланған күннен басталып сауда-саттық өтетін уақытқа 24 сағат қалғанда аяқталады. Қажетті анықтаманы www.bilog.kz. Веб сайты бойынша және 8(7142)535541, 8705 4515794 сымтегі арқылы біле аласыз. Сенім телефоны. 8 (7172) 54-10-26.

Кепілдегі мүлікті сату жөнінде сауда-саттық жариялайды.
Сауда-саттық 2015 жылғы 28 қаңтарда сағат 10 да мына мекенжайда өтеді: Қостанай қ., Әл-Фараби көшесі, 119 үй, каб. 414/16. Қостанай облысы АО "Би-Логистикс" АҚ-ы мен ӘКК Тобол АҚ-ы келісім-шартқа сәйкес сауда-саттық өткізеді ағылшын әдісі жоғарлау тәсілімен: **Лот № 03** - аяқталмаған құрылыс тоғыз қабатты тұрғын үй, бөлмелер ж/е құрылыстар толық аяқталмаған, орналасқан мекенжайы: Қостанай қ-сы Толстой к-сі 25,27 үй бағасы - 295 480 203 теңге. **Лот № 04** - ж/т алаңы 0,0841 гектар к/н 12-193-014-495 тұрғын үй салуға, ж/е алаңы 0,0678 гектар к/н 12-193-014-1310 ұсақ көтерме базалар салуға орналасқан мекенжайы: Қостанай қ-сы Толстой к-сі 25,27 үй бағасы - 18 083 727 теңге.

Сауда-саттық 2015 жылғы 30 қаңтарда сағат 10 да мына мекенжайда өтеді: Қостанай қ., Әл-Фараби көшесі, 119 үй, каб. 414/16. Қостанай облысы АО "Би-Логистикс" АҚ-ы мен ӘКК Тобол АҚ-ы келісім-шартқа сәйкес сауда-саттық өткізеді голландтық әдісі төмендеу тәсілімен, **Лот № 01** - өкімшілік ғимараты жалпы алаңы 466,80 ш.м., ж/т алаңы 0,069 гектар к/н 12-193-014-1280 орналасқан мекенжайы: Қостанай қ-сы, Таран к-сі, 10 үй, бағасы - 50 177 209 теңге. **Лот № 02** - көлікжай жалпы алаңы 128,80 ш.м., ж/т алаңы 0,024 га к/н 12-193-014-581 орналасқан мекенжайы: Қостанай қ-сы, Сянова к-сі 64, бағасы - 6 837 466 теңге.

Саудаға қатысу үшін мүлік бағасының 5% мөлшеріндегі кепілдік жарна Қостанай облысы АҚ "Әлеуметтік-кәсіпкерлік "Тобол" корпорациясының ИИК KZ4794807KZT22030699, БИН 110140002676, БИК EURIKZKA депозиттік шотына өткізіледі, АҚ "Евразийский банк". Аукционға қатысу үшін тапсырыс қабылдануы осы хабарлама жарияланған күннен басталып сауда-саттық өтетін уақытқа 24 сағат қалғанда аяқталады. Қажетті анықтаманы www.bilog.kz. Веб сайты бойынша және 8(7142)535541, 8705 4515794 сымтегі арқылы біле аласыз. Сенім телефоны. 8 (7172) 54-10-26.

Объявляются торги по продаже заложенного имущества.

